

"Қазақстан Республикасында 2008 жылғы Украина жылын өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қарашадағы N 1068 Қаулысы

Қазақстан-украин қатынастарын одан әрі нығайту және дамыту мақсатында
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасында 2008 жылы Украина жылын өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасында
2008 жылы Украина жылын
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы ынтымақтастықты жандандыру және экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық салалардағы байланыстарды нығайту және Қазақстан Республикасының Президенті мен Украина Президенті кездесулерінің барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау мақсатында

Қ А У Л Ы

Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасында 2008 жылы Украина жылы өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында 2008 жылы Украина жылын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін қалыптастырсын және көрсетілген іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің **Ә к і м ш і л і г і н е** жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті